

## Инватакси қызметін алушылардың санатын кеңейту туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 12/01 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 сәуірде № 27792 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 1 қарашадағы №859 бұйрығымен бекітілген "Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" 31 тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8950 болып тіркелген) сәйкес, Нұра ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 19.06.2023 № 22/04 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Нұра ауданының аумағында инватакси қызметін алушылардың санаттары келесі тұлғалар санаттарымен кеңейтілсін:

- 1) он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;
- 2) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 19.06.2023 № 22/04 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Нұра ауданының әкімі*

*А. Шалмағанбетов*